

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медиадағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медиадағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймұллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

МаксUTOBa A, Шaтeнoвa C. Oқyшылардың тiлдiк дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиiмдi әдiс-тәсiлдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тiлiн дамытудың ерекшелiктерi.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

ғылыми болжау және жоспарлау аспектілерін, библиографиялық қоғамдастық мәселелерін шешуді жедел түрде қолға алған жөн.

Библиографияның ғылым ретінде толық теориялық дамуы әзірге болашақтың ісі болып қала береді. Аталмыш саладағы өзекті түйткілдерді тізіп, талқылаған соң, библиографияға бөлек ғылым ретінде қарастыруға сәл де болсын көзқарас өзгерсе, ғылыми зерттеу мақаласының мақсаты орындалған болып есептелмек.

Қай дәуірде болсын еліміздің баспаларынан шыққан қандай басылымдар болса да, олардың біртұтас баспа қорын жасайтын болсақ, біз өнерлі де білімді, өскелең жастарымыздың, ғалымдарымыздың қазіргі биік талап-тілектерің орындаған болар едік.

Қорытып айтқанда, кітап палатасы қорын – архив қазынасын жинауға, оларды ұқыпты сақтауға, және сақтау үшін тиісті жағдай туғызуға баршамыз атсалысуға тиістіміз. Біздің алдымызға қойылатын қазіргі өмір талабы, міне осы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нығметов Е. Қазақстанда мемлекеттік библиографияның даму тарихынан. - Алматы, 1970
2. Коршунов О. П. Библиографоведение. - Москва, 1990
3. <https://kitap-palatasy.gov.kz/?lang=1>
4. Бердигалиева Р. Будущее национальной библиографии Казахстана / Бердигалиева Р. // Китапхана == Библиотека. - 1994. - № 3. - С.14-23.

АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ДІНИ ФАКТОРДЫҢ ТАЛДАНУЫ

Гүлбану Жапаева,
ЕҰУ-нің магистранты,
Ғылыми жетекші:

Қарғаш Жанпейісова, саяси ғылымдарының кандидаты, доцент,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

Андатпа. Дін – кез-келген қоғам өмірінің табиғи серігі. Себебі, дін – этникалық топтарға жататын адамдарды әлеуметтендіруді ұйымдастыратын реттеуші факторлардың бірі. Қоғам ішіндегі қарым-қатынастар өзара түсіністікке, бірегей көзқарастар мен құндылықтарды құрметтеуге, қарапайым тілмен айтқанда, төзімділікке негізделсе, онда бұл тұрақтылық пен прогреске жол ашады. Демек, демократиялық режимде өмір сүріп отырған зайырлы қоғамда азаматтардың діни наным-сенімдерін құрметтей отырып, барлығына сенім еркіндігін елдің саяси тұрақтылығына қайшылықсыз қамтамасыз ету әр

мемлекеттің саясатының басым бағыты. Саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің бір факторы ретінде мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыру үшін, алдымен оның теориялық аспектісін зерттеу маңызды. Мақалада қоғамдық-саяси үдерістегі діннің рөлін зерттеушілердің көзқарастары талқыланып, тұжырымдары негізінде теориялық зерттеу жасалып, қорытынды алынды. Дін мәселесінің талдануын ақпараттық кеңістікте таралуын зерттеу өзекті болып табылады.

Кіріспе. Дін факторы мемлекеттің діни институттар, бірлестіктер және түрлі ұйымдардан заңнамалық бөлінуіне, мемлекеттік басқарудың тиімділігіне қарамастан, динамикалық және бәсекеге қабілетті әлемдік тәртіптегі саяси тұрақтылықтың тұрақты құрамдас бөлігі болып табылады. Ықпалды саяси институттардың – мемлекет пен шіркеудің өзара әрекеті әлемнің барлық саяси жүйелерінде орын алады.

Мемлекетішілік және халықаралық саяси қақтығыстарға көбінесе ашық немесе жасырын түрде діни факторлар әсер етеді. Дін, Құдайға деген сенім қазіргі әлемнің барлық мемлекеттерінің саяси мәдениетінде маңызды орын алады, ал саяси режимдердің трансформациясы мен дамуында діннің рөлі үнемі артып келеді. Әлемдегі елдердің басым көпшілігінде діни мерекелер мемлекеттік мерекелер болып табылады, діни ұйымдардың көрнекті өкілдері ұлттық элитаның табиғи бөлігін құрайды, саяси партиялардың қызметіне, бұқаралық қоғамдық санаға, кез-келген белгілі саяси ғылымдағы сайлау науқандарының нәтижелеріне және саяси режимдерді мемлекеттік басқару тәжірибесіне (тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық және олардың көптеген ұлттық мазмұндағы нұсқаларына) айтарлықтай ықпал етеді.

Сондықтан әрбір мемлекетте саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде діни фактордың рөлі жоғары екені анық. Саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде мемлекеттің дін саласын реттеудегі қызметін зерттеу үшін, ең алдымен оның теориялық аспектісін талдаған жөн. Осы мақсатта мақалада саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде діни фактордың рөлін зерттеудің теориялық аспектісі жалпығылыми әдістер негізінде талданып, дәстүрлі діни институттардың пайда болуы мен оның қоғамдағы рөлі анықталды.

Талдау. Тарихқа көз жүгіртсек, ұзақ уақыт бойы мемлекеттің қоғамдық-саяси үдерістегі негізгі бәсекелестерінің бірі дәстүрлі діни институттар, атап айтқанда, әртүрлі қоғамдық шешімдерді ілгерілетуде өте сәтті бәсекеге түскен шіркеулер болып саналды. Өз мүдделерін қорғай отырып, мемлекеттік мекемелерге өтініштер мен талап-арыздарының санын өсірді. Бұл дискурс зайырлы билік діни қызметкерлердің ықпалымен заң жобаларын қабылдаған жағдайларда айқын көрінді:

«...Осылайша көптеген әлеуметтік зиянды азғындық әрекеттер алдымен шіркеулер тарапынан қудаланып, соның негізінде қылмыстық кодексте өз орнын тапты» [1, 621-622 бб.]. Саясаткерлер шіркеу талаптарына құлақ асқан жағдайда, мемлекет-шіркеу қарым-қатынастары сұхбат, кейбір кезде тіпті одақтастық қарым-қатынас шеңберінде құрылды. Сол себепті ғасырлар тоғысында мемлекет-шіркеу қатынастарын зерттеудегі өзекті мәселенің бірі –

діни фактордың саяси процестерге әсерімен байланысты пікірталас болып қала береді.

Кесте - Қоғамдық-саяси үдерістегі діннің рөлін зерттеушілердің көзқарастары

Автор	Еңбегі	Тұжырымдары
Н.А. Бердяев		

Жоғарыдағы кестеге сүйене отырып, зерттеушілердің қоғамдық-саяси үдерістегі діннің рөлін зерттеушілердің көзқарастарын анықтауға болады. Кезінде діни және саяси философ Н.А. Бердяев шіркеу «дәстүрлі әлеуметтік институт ретінде, мистикалық организм ретіндегі шіркеуден күштірек болып шықты» [2, 204 б.] деп атап көрсетеді. Сол себепті де осыған ұқсас бірқатар қызметтерді (тәрбие, білім беру, отансүйгіштікті насихаттау, мемлекеттік құрылымды қорғау және т.б.) атқарғанда, шіркеу мемлекеттің қарсыласы ғана емес, сонымен қатар серіктесі де бола алатын еді. Қоғамдық-саяси үдерістегі шіркеудің мәртебесі билікпен қарым-қатынасына тәуелді болып, жиі өзгеріп отырды. Әдетте, шіркеудің беделі әлеуметтік-саяси дағдарыстар аясында дамыды және керісінше биліктің үстемдік етуге деген ұмтылысы аясында регрессияға ұшырады.

Рим-католик шіркеуінің тарихына жүгінейік. Оның негізгі басшысы – «Рим папасы» болып саналады. Бұл жерде К. Шмиттің келесі пікірімен келіспеуге болмайды, ол: «Рим-католиктік шіркеуінің билігі мен оның ең жоғары лауазымдардарының түбегейлі сипаттамасы судья түрінде емес, өз отарының басындағы шопан ретінде көрінеді» [3, 118 б.], деп айтқан. Ресми билікпен қақтығыстар Рим папасының басшы болуға деген ұмтылыстарынан пайда болған. Қасиетті тақта отырып, Рим папасы ұзақ уақыт бойы Құдайдың жердегі өкілі ретінде қабылданып келді. Сол себепті, оның шешімдері мен қаулылары зайырлы билік өкілдеріне қарағанда үлкен заңды күшке ие болды. Мысалы, Рим папасы Лев I тұсында тарихшы С.Г. Лозинский былай дейді: «Сыртқы қауіптен мемлекетті қорғаушы ретіндегі Рим папасының көтерілуі Рим императорларының билігінің құлауымен қатар жүрді... Осылайша, папалықтың саяси беделімен бірге оның материалдық базасы да өсті» [4, 31 б.].

Иерархиялық құрылымды құру саласында мемлекет пен шіркеу жақын болды. Шіркеу іс жүзінде «мемлекет ішіндегі мемлекет» ретінде әрекет етті. Алғаш рет бұл қағиданы Рим-католиктік шіркеуі жоғары мемлекеттік шенеуніктермен конкордаттарға (канондық терминология бойынша Рим папасы және белгілі бір мемлекеттегі Рим-католиктік шіркеуінің құқықтық жағдайына қатысты қарым-қатынасын реттейтін келісім) қол қойған кезде заңды түрде іске асырды.

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік-шіркеу қатынастары монологтан диалогқа, қақтығыстардан одақтастыққа және т.б. үнемі серпінді түрде өзгеріп отырды. Жаһандану кезеңінде олар жаңа ерекшеліктерге ие болды және кеңінен жарияланды, ал әлем күн сайын өзгеріп отыратындықтан, олардың арасындағы қатынастар да конъюнктуралық шындық шеңберінде қалыптасады.

Жаһандану жағдайында діни ұйымдар ақпараттық технологиялардың дамуын сынай отырып, белсенді түрде пайдалануды жалғастыруда. Қажет болған жағдайда дін басшылары медиа кеңістікте белсенді бола бастайды. Қалай болғанда да, қоғамдық өмірдің ақпараттандырылуында діни ұйымдар, мемлекеттер және жалпы қоғамдар үшін оң және теріс салдары бар.

Жаңа шынайылықта діни ұйымдар бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен даулы мәселелерді шешуде аралық тарап екенін әлемге көрсетуге тырысады. Осылайша, 2016 жылы Рим Папасы Франциск пен Мәскеу және Бүкіл Ресей Патриархы Кириллдің мыңжылдық кездесуі өтті, онда ХХІ ғасырдың өзекті мәселелері қаралды: әскери қақтығыстар, отбасының дамуы, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қалыптасуы және т. б. Мұндай деңгейдегі кездесулер зерттеушілерге діни ұйымдардың және діни фактордың халықаралық саяси процестерге ықпал ету дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Осындай акцияларға қатысу арқылы конфессиялар әлем алдында өздерін саяси құрылымдар емес, әділеттілік үшін құқықтар мен бостандықтарды қорғайтын бітімгершілік ұйымдары ретінде көрінеді.

Секуляризация процестерінің күшеюіне қарамастан, діни институттар қалың бұқараның арасында беделге ие болуда және рухани-адамгершілік ұстанымдардың бірден-бір шынайы тірегі ретінде қабылданады. Сонымен бірге, кейбір шіркеулердің қызметі жеке саяси ландшафттың (ұлттық мемлекет) тар шеңберімен шектелмейді. Олардың көпшілігі, мысалы, Ресей-православиялық шіркеуі сияқты діни бірлестіктер, шіркеу мүдделерін көбірек ілгерілету үшін саяси таптардың көптеген өкілдерімен байланысатын трансұлттық институттарға айналды.

1991 жылы Кеңес Одағы ыдыраған кезде Қазақстан сияқты тәуелсіздік алған елдердің басшылары жаңа мемлекеттер құруда көптеген қиындықтарға тап болды. Саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерден бөлек, дін мен мемлекеттің қарым-қатынасы туралы неғұрлым іргелі сұрақтардың шешімін табудың қажеттілігі туындады. Кеңестік атеизм шетке ысырылып, халқының мұсылмандық үлесі басым алты ел – Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан басшылары мемлекеттің зайырлы сипатын сақтауды таңдады.

Зайырлылықтың қазақстандық моделі елдің Кеңестік кезеңге дейінгі мұрасына, атеистік кезеңнің аспектілеріне, кеңестік институциональдық және идеологиялық күйреуден кейінгі мемлекеттік құрылыстың қиын процесіне сүйенеді. Дегенмен, еліміздегі дін саласындағы саясатты бұрынғы дәуірдің жәдігері немесе КСРО-ның ыдырауына реакция ретінде қарастыру қателік болар еді.

Қорытынды. Біздің елімізде дін қоғамдық өмірдегі рухани келісімді нығайтудағы ықпалды факторлардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі Қазақстан жағдайында діннің саясатқа тікелей әсерін болдырмайтын белгілі бір алғышарттар жасалды. Ата заңымызға сәйкес Қазақстанда діни негізде партиялар құруға тыйым салынады, бұл поликонфессиялық елдегі саяси тұрақтылық үшін аса маңызды.

Қазақстандық заңнама мемлекеттің діни ұйымдардың қызметіне кедергі болып қоймай, сонымен қатар солардың қызметтеріне өз жәрдем беру міндетін қарастырады. Дәл осы мән-жайға заманауи Қазақстандағы діннің әлеуметтік мәдени институты ретінде даму формалары мен шарттарының дамуын көрсететін заң жасаулық қызметке байланысты болып келеді.

Бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтау үшін діннің интегративті функциясын қолдану керек. Әрине, дін саяси өмірден оқшауланбайды, бірақ барлық трансформациялық процестердің құйынына тартылады, бірақ бүгінгі басты міндет – діни бірлестіктердің саясатқа араласуына, конфессияаралық қатынастарды этносаралық қатынастармен сәйкестендіруге жол бермеу.

Осы жағдайда діни фактордың ықтимал деструктивті көріністерін жоюға нормативтік-құқықтық базаға және аймақ пен мемлекеттің тарихи сындарлы тәжірибесіне негізделген мұқият ойластырылған және барабар мемлекеттік саясат қана қабілетті деп айтқымыз келеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Зиммель Г. Избранное. Том 1. Философия культуры. Москва: Юрист, 1996.
- 2 Бердяев Н.А. Самопознание (опыт философской автобиографии). Москва: Книга, 1991.
- 3 Шмитт К. Государство: Право и политика // Пер. с нем. и вступ. ст. О. В. Кильдюшова; сост. В. В. Анашвили, О. В. Кильдюшов. Москва: Территория будущего, 2013.
- 4 Лозинский С. Г. История папства. 3-е изд. Москва: Политиздат, 1986.

«АВАІ TV» ТЕЛЕАРНАСЫНДАҒЫ АЛАШ ТАҚЫРЫБЫ

Гаухар Төлекбаева,

ЕҰУ-нің журналистика және саясаттану
факультетінің магистранты

Алаш ғылыми мұрасының ақталғанына биыл 35 жыл болды. 1988 жылдан бастап Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатұлы, Хәлел Досмұхаммедұлы сынды Алаш саяси элитасының еңбектері ақталғанымен, ғылыми еңбектері тек 1989-1990 жылдары ғана жарыққа шықты. Бұл ғылыми